

**Н. М. Қонқабаев, 4-курс**

**Фылыми жетекші: Т. Н. Сүлейменов, қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы**

**(КР IIМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ ТЕРГЕУШІНІҢ ҚЫЗМЕТІ**

Қылмыстық істерді тергеу жүргізу барысында компьютерлік жүйелер және байланыстың техникалық каналдары ақпарат тасушы болып танылып, қылмыстық сот өндіріс саласына тартылып, зерттеу объектісі болады. Дәлелдеу іс жүргізуге тарту мақсатымен, қатыстылық, жарамдылық және шындық позициялардан зерттеуге жатады. Ақпараттың жоғары айтылған жүйелер анықтауы оны соттық сараптама объектісі болып табылатына анық. Соттық сараптама — қылмыстық іс жүргізуде ғылымның және техниканың жетістігін пайдалануын іс жүргізудің бір тәсілі<sup>1</sup>.

Соңымен катар, іс бойынша ақиқат анықтау мақсатымен мәліметтерді талдауды негізге ала отырып, сараптама тергеушінің ынтасы бойынша тағайындалады. Соңда, ол сараптаманы міндетті түрде тағайындау нақты тізімімен (КР ҚДЖК 241-б.) немесе қажеттіліктің немесе мақсаттылықтың басқа шарттарымен басшылық етеді. Сараптама тағайындау мақсаттылығы альтернативтік (бір нешеуден біреуін тандау) шешім қабылдауын қарастырады. Сараптама прокурордың (КР ҚДЖК 197-б.), тергеу бөлім бастығының (КР ҚДЖК 63-б. 2-б.) нұсқауы

бойынша немесе іс жүргізу қатысушылардың өтініші бойынша қарастырылады. Бұның бәрі қылмыстық іс сипаттамасына, дәлелдеудің накты мән-жайларына байланысты.

Зерттеуге жіберілетін объектісі болып өзінің белгілері және сипаты бойынша іске маңызды мән-жайларды анықтауға қызмет жасайтын заттай дәлелдемелер болады (КР ҚДЖК 121-б.). Сонымен қатар, компьютерлік техниканың ерекше сипаттамасы барлығымен байланысты, компьютерлік (технологиялық) объектілері заттық сипаттамасымен шектелмейді. Жиналған компьютерлер, олардың жүйелік блоктары, перифериялық жабдықтар (дисплейлер, принтерлер, дисководтар, модемдер, клавиатура, сканерлер, «тышқан», джойстик және т.б.), компьютерлік және есеп шығаратын коммуникациялық жабдықтары, магниттік ақпаратты тасушылар (дисктің қатты және флоппи, оптикалық дискілер); жүйенің іздеу сөздіктері (тезаурусы), классификаторлар және басқа техникалық жабдықтар компьютерлік сараптама объектісі болып табылады. Нактылықтың кепілдіктігін растау үшін маңызды ретінде зерттеуге берілетін заттай дәлелдемелерімен үндеу барысында криминалистік тәсілдік-техникалық ережелерін және ұсыныстарын сақтай отыру керек.

Магниттік тасушылардың үстіне бір нәрсені желімдеуге, оны тесуге, жазулар, белгілер, мер коюға, тасушылардың жұмыс үстілеріне саусақтар тигізуге, лентаның, винчестердің, дискеттердің корпусын бұзу, тасымалдаушыларды бұзу, айырып-қосқыштың ахуалын өзгертуге тыбым салынады, электромагниттік сәуле шығару жерге жақыннатпау, су, дымқыл әсер етуден сактау керек.

Окиға болған жерді қарau жүргізу ахуалы стандарттық емес екенін еске ала отырып, компьютерлік техниканы және ақпаратты алу, қаптау, тасымалдау және сақтау туралы мәселелерді тергеуши накты жағдайда маманмен бірлесіп шешуі қажет.

Соттық сараптама тағайындаумен байланысты мәселелер әртүрлі және әр жоспарлау, себебі накты жағдайға байланысты. Аталмыш объектілер бойынша сараптама тағайындау барысында зерттеу алдында қойылатын міндеттерімен, соттық-компьютерлік сараптаманы екі түрге бөлуге болатынын тергеуши есте сақтау керек: компьютерлерді және оларды түгендеп жинақтайтын техникалық сараптама, бағдарламаны қамтамасыз етуін сараптамасы.

Сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды ғылыми, техникалық және басқа арнайы білім колдануымен не зерттеу керек, қандай мәселелерді шешу керектігін тергеуши анықтайды. Ол тергеудің мақсатын терен білу, сараптаманың мүмкіншілігін ұғыну сарапшының алдында дұрыс сұрақтар коюға және оларды дұрыс қалыптастыруға мүмкіншілік береді. Сараптама тағайындау қаулыда, шешімде құқықтық сұрақтар және сарапшының құзіретіне жатпайтын іске қатысы жоқ сұрақтар қойылуға мүмкін емес. Сұрақтар құрастыру тергеушинің білімімен, оның компетенциясымен тікелей байланысты.

Сараптама тағайындау кезінде тергеуши КР ҚДЖК 83-б. «Сарапшы», және КР ҚДЖК 32-тарау. «Сот сараптамасы», 240-бап. «Сараптаманы тағайындау», 242-бап. «Сараптама тағайындау тәртібі», 245-бап. «Сот сараптамасы органдының сараптама жүргізуі». «Сот сараптамасы органды басшысының құқықтары мен міндеттері», 246-бап. «Сот сараптамасы органдын тыс сараптама жүргізу» және т.б. талаптарын басшылыққа ала отыру керек.

С.П. Вареникова әділеттік ретінде белгілейтіні: «Соттық-тергеу тәжірбиелік мұқтаждығымен дәлелдеу ақпарат алу барысында жаңа, бұрын кездеспейтін объектілерді зерттеуі, сот сараптамалардың жіктеуінде жаңа класстар пайда болуымен шектеледі. Ол өзінің соттық сараптаманың арнайы білімдерінің саласын көніту қажеттілігіне апарады»<sup>2</sup>.

Көрсетілген сарапшыға жіберілетін талаптар шығу ақпараттың толықтырың және объективтің маңызды кепілі болып табылады<sup>3</sup>.

Қорытынды шығара отырып, сараптамалық технологиялар дамуына байланысты, қазіргі күнге тергеу саласына тартылмаған дәлелдемелердің электрондық ақпаратты, электрондық-сану техника жаңа түрлерін зерттеу мүмкін. Сараптама жүргізу сапасын қамтамасыз ету мақсатымен, тергеу органдарға, сарапшыға зерттеуге жіберілетін объектілерін алу, қаптау және жеткізу бойынша криминалистік тәсілдің техникалық ережелерді сақтау қажет деп есептейміз.

<sup>1</sup> Крылов И. Ф. Судебная экспертиза в уголовном процессе. — Л., 1963. 30-б.

<sup>2</sup> Вареникова С.П. Применение специальных знаний в уголовном судопроизводстве РК: Учеб. пос. — Алматы, 2004. 96-б.

---

<sup>3</sup> Гинзбург А. Я., Лившиц Ю. Д. Значение экспертизы в расследовании преступлений. — Караганда, 1991. 44-б.